



/ҚАРАША АЙЫ/

Мектепке дейінгі ұйым (білім беру ұйымының атауы) «Гүлдер» балабақшасы

Топ: ересек топ «АҚБИДАЙ»

Балалардың жасы: 4 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): **03.11 - 07.11.2025ж.**

Педагогтің аты-жөні: Ержанова Н., Қайыр Ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Аспанда күн ыстық. Жерде бізге кім ыстық? Өке мен шешеміз Бәрінен тым ыстық! Жасасын туыстық, Достық пен тыныштық. (тіл дамыту)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. “Сәлем, сәлем” (тіл дамыту, музыка)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. “Қайырлы таң” (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын. (тіл дамыту)	Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күйді қосып, балаларды қарсы алу. (музыка)
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	«Жол жүру ережелері», «Қауіпсіздік әліппесі» тақырыптарында әңгімелесу.	"Балаңызға ертегі оқысыз ба?" тақырыбында ата-аналарға сауалнама жүргізу.	Ата-аналарға кеңес беру. "Ішек ауруларының алдын алу».	"Балабақшадағы жетістіктеріміз" тақырыбында көрме ұйымдастыру.	«Баланың үйдегі және балабақшадағы тәртібі» тақырыбында ата-аналар жиналысын өткізу.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл,	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Балаларға жөндеуді қажет	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ойыншықтарды тәртіпте ұстау". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке керек материалдар мен құрал-жабдықтарды таратуға,	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Бөлме өсімдіктерін суару". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Өсімдіктер, оларға күтім жасау (суару) туралы, өсімдіктердің өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігі туралы түсініктерді анықтау, дамыту; су құйғышпен	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: "Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі

бейнелеу, дербес және басқалары)	ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауды, адал еңбектенуге және тәртіп сақтауға тәрбиелеу. «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Гимн орындауы. Мақсат-міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Үстел үсті ойындары. "Көліктерді топтастыр". (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Көліктерді бір-бірінен ажыратып, атауларын атай білуді үйрету; Керекті құралдар: көліктер. «Ғажайып дорба» үстел үсті ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларды затты сипаттауға, әңгімелер құрастыруға үйрету. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білуді жетілдіру. Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын	жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу: алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды (қажет болғанда, жуу, кептіру) сұрту және орнына қою. Тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын. «Домино». (математика негіздері) Мақсат-міндеттері. Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту және пысықтау. Сәйкес көлікті табу және дұрыс атау, оның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын шарты: суреттері сәйкес келетін карточкаларды бір қатарға тізіп қою, кім карточкаларын бәрінен бұрын жиып қояса, сол бала жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлемдері 5×6см карточкалар. Қауіпсіздік. "Кездейсоқ жағдайларда мен не істеймін?" жаттығуы (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері.	тиянақты жинауға дағдыландыру; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу. Дидактикалық ойын. "Көңілді қыстырғыштар". (құрастыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қыстырғыштар арқылы саусак моторикасын дамыту, шығармашылық қабілетін дамыту. Ұсынылған бірнеше фигуралардың ішінен дұрыс таңдау. Балалардың сөздігін кеңейтуге және белсендіруге, сондай-ақ есте сақтау мен ойлауды дамытуға ықпал ету. Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға баулу. Отанды сүйуге тәрбиелеу. “Отан” (үзінді) (Мұқағали Мақатаев) Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем, Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем. Мен оның қасиетті тілін сүйем, Мен оның құдіретті үнін сүйем. Отан! Отан! Бәрінен биік екен.	суару тәсілдерін бекіту; берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру; еңбек дағдыларын дамыту; қамқорлыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Дидактикалық ойын. «Көліктер». Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерін ажыратуды үйрету. (тіл дамыту) "Көліктерді тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлануға тәрбиелеу. Ойынның барысы: балаларға қиылған әртүрлі көліктердің дайын суреттері беріледі. Педагог бір көліктің суретін көрсетеді, балалар қандай көлік екенін табады. (тіл дамыту, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру) "Қара да, қайтала" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту. Құралдары: геометриялық пішіндер жинақтамалары, шаршы пішінді парақтар. (тіл дамыту)	аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. Үстел үсті ойыны. «Мозаика». (математика негіздері) Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін табу және орналастыруды үйрету. Тапқырлыққа тәрбиелеу. Көркемсөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тындалған шығарманың, санамақ мазмұнын қайталап, есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; халық ауыз әдебиетіне, көркемсөзге қызығушылықты арттыру. Е.Өтетілеуов "Санамақ". Жиналған соң достары, Қаздай өзі басқарды, Қызықты ойын басталды: Бір болды бақшашы, Екіншісі - егінші, Үшіншісі - бақташы, Төртіншісі - теңізші. Бесіншісі - балташы, Алтыншысы - аспазшы. Жетіншісі - жылқышы, Сегізінші - сырнайшы, Тоғызыншы - тігінші, Оныншысы - орманшы.
--	---	--	---	--	--

	есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға үйрету. Логиканы, тері түйсіктерін (тактильді), байланыстырып сөйлеуді дамыту.	кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету; бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау ережелерін бекіту. Лего бөлшектерінен құрастыру. (құрастыру, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-мәндеттері. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау; құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау; құрылыс нәтижесін атаған кезде қазақ тіліне тән дыбыстарды айтуға ынталандыру; қоршаған заттардың адамға пайдасы туралы білімдерін бекіту; бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге үйрету.	Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем. Отанды сүймеуің де күйік екен, Отанды сүйгенің де күйік екен... «Дөңгелек, үшбұрыш, шаршыға ұқсайтын заттарды тап» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Пішіндерді қайталау, түстерді қабылдауын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет)		
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен) (дене тәрбиесі, дербес әрекет) 1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында 1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады. 3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет	Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен) (дене тәрбиесі, дербес әрекет) 1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында 1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады. 3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет	Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен) (дене тәрбиесі, дербес әрекет) 1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында 1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады. 3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы	Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен) (дене тәрбиесі, дербес әрекет) 1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында 1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады. 3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшак, дене тік, доп оң қолдарында.	Жалпы дамыту жаттығулары (кішкентай доптармен) (дене тәрбиесі, дербес әрекет) 1. Бастапқы қалып: дене тік, доп оң қолдарында 1-2 балалар қолдарын жандарына созады, жоғары көтереді, допты сол қолдарына салады. 3-4 қолдарын төмен түсіріп, бастапқы қалыпқа келу (жаттығу сол қолымен орындалады), 5-6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшак, дене тік, доп оң қолдарында.

[illegible]

	доп оң қолдарында. Оң және сол аяқтарымен айнала оңға, солға педагогтің 1-8 дейін санау және секіру.	доп оң қолдарында. Оң және сол аяқтарымен айнала оңға, солға педагогтің 1-8 дейін санау және секіру.			
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Балаларға ауызды жауып жеуді, асты дыбыссыз шайнауды, асты төкпей-шашпай жеуді үйретуді жалғастыру. Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу. Дастарқанның басында, Өзіңді жақсы ұста! Дұрыс отыр! Асыңды іш! Денеңе көп күш жина. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Тамақтанып болған соң қоқысты сұрыптау.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. «Аналар мектебі»: қабылдау бөлмесін "Көлік" тақырыбына әшекейлеу. Балалар кітапханасы: адамның көліктегі еңбегі жайында суреттерді қарастыру; ата-аналармен көлік үстінде саяхатау фотосуреттерді қарастыру; көліктер туралы өлеңдер мен әңгімелерді оқу: Е. Өтетілеуов "Теплоход", Е. Ашықбаев "Бағдаршам". "Күй күмбірі": "Угэй-ай" - Халық әні (орындаған Қажыбек Бекбосынов) https://kitap.kz/music/1/kazhybek-bekbosynovtyng-oryndauyndagy-nder «Өнегелі»: Тақырыбы: «Қоғамдық мүлікті сақта». Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларда қоғамдық мүлікке ұқыпты қараудың маңыздылығы туралы түсінік қалыптастыру.				
	Көлік түрлері жайында әңгімелесу. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Көлік түрлерінің таңбалауыштарын таңдатып, сол бойынша 4 топқа бөліп, әр топпен ұйымдастырылған іс-әрекетін ұйымдастыру.	Жерде жүретін көлік туралы әңгімелесу. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиеттіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.	Қауіпсіздік. "Кездейсоқ жағдайларда мен не істеймін?" жаттығуы (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету; бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау ережелерін бекіту. Диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.	Суда, әуеде ұшатын көлік түрлері тақырыбында әңгімелесу. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.	"Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді есте сақтауға баулу. Оразақын Асқар «Машина» Машина істе – серігің, Жолға шықсаң – көлігің. Айта қойшы, сен, інім, Шығаратын оны кім? Тас қорытып домнада Металл құйса құрышшы, Машинаны заводта

					Жасар іскер жұмысшы.
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Дене тәрбиесі "Озамын десең - зерек бол". Мақсат-міндеттер: балаларды қатарға бір-бірден сапқа тұруға; 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіруге үйрету.	Қазақ тілі "Көліктер. Қала мен ауыл. Көп - аз". Мақсат-міндеттері. Балалардың көлік түрлері, олардың ерекшеліктері мен қозғалыс ортасы туралы білімдерін кеңейту; "қала", "ауыл", сондай-ақ, "аз" және "көп" мөлшер ұғымдарын, "жылдам - баяу" сын сипат белгілерін, қарт адамдарға деген құрмет пен қамқорлық туралы түсініктерін дамыту. Музыка "Күз желі". Балалардың әуенге деген ықыласын арттыра отырып, әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін дамыту; оқу қызметін пысықтау.	Дене тәрбиесі "Пингвин сияқты секіру". Мақсат-міндеттері. Құм салынған қапты басына қойып, текшелерден аттап өту және құм салынған қапты екі аяқтың арасына қысып, пингвин сияқты екі аяқпен бірге секіру дағдысын үйрету.	Музыка "Ойыншықтар". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар туралы әнге ықыласын ояту; музыка әуенімен бірге би қимылдарын үйлесімді орындауды пысықтау.	Дене тәрбиесі "Сан түрлі секіре аламыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру; гимнастикалық қабырғаның бір аралығынан екінші аралығына өрмелеуді үйрету.
	«Қаржылық сауаттылық». Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет». (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері, тіл дамыту, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Балаларды өз ойын жоспарын құрдастарының жоспарларымен үйлестіруге үйрету, ойын барысында рөлдерді өзгерту, диалог сөйлеуді дамыту, қазақ тіліне тін дыбыстарды айқын айтуға баулу. Мамандықтар (сатушы, жүк тасымалдаушы, есепші) туралы түсініктерінді	Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Көліктер". Мақсат-міндеттері. Балаларға көлік туралы түсінік беру; көлік түрлерін ерекшеліктеріне қарай топтастырып, атқаратын қызметіне қарай салыстыруды үйрету.	Математика негіздерінен ойын-жаттығулар. "Көліктер жүретін ұзын және қысқа жолдар". Мақсат-міндеттері. Балаларға заттардың ұзындығының қасиеттері жөнінде білім беру. Жұмбақтар жасыру кезегі. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту) Көлік түрлері туралы жұмбақтар Мақсат-міндеттері. Жұмбақ шешу өнеріне баулу. Балалардың көлік түрлері туралы білімдерін қалыптастыру.	Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Көлік жүргізуші". Мақсат-міндеттері. Балаларды көлік жүргізушінің қызметімен таныстыра отырып, көлік түрлеріне байланысты көркем сөздердің мағынасын түсіндіру; көліктердің пайдалы және зиянды жақтарын ажыратып, сөзбен сипаттап айтуды үйрету. Дидактикалық ойын. "Қандай көлік екенін тап". Мақсат-міндеттері. Көлік түрлерін топтастыруды және атауын атауды дағдыландыру.	Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Асқабақ тиелген трактор". Мақсат-міндеттері. Балаларға трактор көлігі туралы түсінік бере отырып, оның жалпы атауы көлік болатыны туралы түсініктерін кеңейту. "Көліктердің орнын тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың көліктердің қозғалыс ортасы жөніндегі білімдерін пысықтау. Көліктерді топтастыру дағдыларын жетілдіру. Сурет салудан ойын-жаттығулар. "Жүк мәшинесі".

	тиянақтау. Қаржылық сауаттылықтың негіздері қалыптастыру; 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту; «қанша?», «барлығы қанша?», «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету; көп, аз, артық, кем, тең туралы ұғымдарды бекіту; қоршаған ортадағы кез келген зат – ойыншықтар, киім-кешек, тамақ – адамдардың еңбегінің нәтижесі екенін түсіндіру; қалаған заттарды қаражатқа алмастыруға болатынын, пайда, кіріс ұғымдарын түсіндіру. Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Жол ережелері туралы тақпақтармен танысу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ж], [ш] дыбыстары" Мақсат-міндеттері. Балаларды тақпақ шумақтарындағы оқиғаларды сипаттаудағы ұйқасы мен сөздердің ырғақтылығы тәртібімен таныстыру; қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар туралы жалпы мағлұматтар беру.		Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыруға баулу; өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу Арқасында ауыл жүр, Ала тайым шауып жүр. (Автобус) Бір-біріне қарап үйлер тіркесіп, Қара тұлпар жүр әрі-бері көшіп. (Пойыз) Үтікке міндім, Мұхитта жүздім. (Кеме) Аспанда жүзеді, Қанатын қақпайды, Жерде де жүреді, Бауырлап жатпайды. (Ұшақ)		Мақсат-міндеттері. Балалардың қылқалам арқылы тіктөртбұрыш, дөңгелек сияқты геометриялық пішіндерді салып, ішін бояу техникасына үйрету.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру) «Экологиялық тәрбие». Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту. «Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау,				

	терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).				
Серуен	«Қауіпсіздік», «Өнегелі тәрбие». Көліктерді бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Көлік түрлері туралы білімдерін қалыптастыру. Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, "Жаяу жүргінші өткелі", "Қоғамдық көлік аялдмасы" жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту. Балаларға балабақша маңайында жүрген көлік үлгілерін бақылауды, барлығына ортақ бөлшектер мен белгілерді (салон, дөңгелектер, рөл, мотор, жүргізуші) атап айтуға ынталандыру; түсін, айырмашылықтарын табуға машықтандыру. Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Жұмбақтар. Арқасында алып жүр, ала тайым шауып жүр. (Автобус) Табаныңда жолы бар, төбесінде қолы бар. (Трамвай) "Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы. (қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру;	«Қауіпсіздік», «Өнегелі тәрбие». Автобусты бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Көлік түрлері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. "Қоғамдық көлік аялдмасы" жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту. Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Қоғамдық көлік – автобус туралы білімдерін кеңейтіп, тереңдету; жеке көлік (тасымалдайтын) оларды ажырата білу. Қоғамдық көлікке өздерін ұстау ережелерімен таныстыруды жалғастыру (үлкендерге орын беру, ақырын сөйлеу, жол ақысын төлеу). Жұмбақ. Жүргіздім бұл үйімді, Жүйткісе, жұрт сүйінді. Бар жолмен жұртты тасып жүр Жылдамдыққа басып жүр. (Автобус) Жұмбақ. "Бағдаршамның шамдары". Мақсат-міндеттер: балалардың жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Мен қауіптен абайлаймын: "Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын.	«Қауіпсіздік», «Өнегелі тәрбие». Жеңіл көлікті бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Көлік түрлері, бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. Жеңіл көліктер жайлы біліп, оларды атап көрсету; жеңіл көліктердің қосалқы бөлшектері жөнінде білімдерін кеңейту. Жүк машинесі мен жеңіл машиненің айырмашылықтарын атап көрсету. Көлікке мінсең, жолаушы, сөйлем. Жүргізуші назарын ешқашанда бөлме. Ережені бұзба, тыныштықты сақта. Жүйрік көліктің бағытын бөгеме. (Дина Ахметова) "Бағдаршамның шамдары" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Мен қауіптен абайлаймын: "Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын. Мен – ортаңғы дөңгелекпін, "Досым, дайындал!" – деп әлекпін.	«Қауіпсіздік», «Өнегелі тәрбие». Жүк автокөлігін бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Жүргізуші мамандығы туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Жүк машинесінің құрылысы туралы білімді бекіту (кузов, кабина және тағы басқа), олардың атауын білу; жеңіл автокөліктен ажыратуға үйрету. (сүт таситын мәшине, жүк таситын мәшине) Жұмбақ. Резеңке аяқты жануармын, Барлық жолдарды кезіп өтемін, Құрылыста іске жараймын, Жұмыстан мен қорықпаймын. (Мәшине) Жұмбақ. "Бағдаршамның шамдары". Мақсат-міндеттер: балалардың жол ережелері туралы түсініктерін пысықтау, бекіту; ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Мен қауіптен абайлаймын: "Тоқта! Тұр!" – деп тік қараймын. Мен – ортаңғы дөңгелекпін, "Досым, дайындал!" – деп әлекпін. Мен рұқсат беріп тұрамын: "Жүре бер!" – деп шақырамын. Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды.	«Өнегелі тәрбие». Ересек балаларды бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Ересек балаларды (мінез-құлықтары, ойындары), киімін бақылауды; киім түрлерін, оларды жеке атауды (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім және ауа райы арасындағы байланыс орнатуды үйрету. Ересек балалар арасында мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Балдырған баламыз, Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да. Достар бір-біріне Сенімді боламыз. Екі деген екі дос, Бірін-бірі қимайтын. Артық-кемді етпей сөз, Бірін-бірі сыйлайтын. "Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны. (математика негіздері, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу; заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуге (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр) ынталандыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға үйрету. Педагог белгілі заттарды (ойыншықтарды немесе құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады. Бала педагог айтқан бағытты

зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдары: жүк мәшинесі, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина және тағы басқа. Балаларға суреттер көрсетіледі: - Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен білдірейік. Жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса - қолдарымызды қанат сияқты сермейміз. Ойынды, екі топқа бөлініп ойнауға болады. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: алаңды тастардан тазалау. (қоршаған әлеммен таныстыруғ еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Тазалыққа, ұқыптылыққа, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге дағдыландыру. Тастар арнайы жерге немесе ыдысқа жиналады. Кейін тастарды бояп, қызықты құрылымдарды жасауға болады. "Тым-тырақай" ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдыққа, зеректікке, кеңістікті бағдарлау,	Мен – ортаңғы дөңгелекпін, "Досым, дайындал!" – деп әлекпін. Мен рұқсат беріп тұрамын: "Жүре бер!" – деп шақырамын. Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: күркедегі жолды сыпыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Тапсырма орындауда мақсаттылықты, күш-жігер салуға, ептілікке тәрбиелеу. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы». «Бәйге» қазақ халқының қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Түрлі тапсырмаларды орындай отырып: шапшаң және баяу қарқынмен жүгіруді жетілдіру. Балаларды әртүрлі жарысқа қатысуға үйрету. (кім бұрын жылжиды, кім бұрын озады сол жеңіске жетеді) Балаларды достарының жеңісіне жеткеніне қуануға	Мен рұқсат беріп тұрамын: "Жүре бер!" – деп шақырамын. Балалар бағдаршам шамдарының түстері нені білдіретінін айтып, жол ережелерін қайталайды. Қимылды ойын. «Такси». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Екі аяқты тұзу ұстап, аяқтың ұшымен гимнастикалық шеңберді алып (обруч), қосақтасып жүгіру. Бір-бірін итермеу, ойын ережесін сақтау. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». "Ақ сандық, көк сандық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнай білуге дағдыландыру; ойын жүргізушісін мұқият тындауды үйрету, күштілікке, шапшаңдыққа баулу. Екі бала бір-біріне арқаларын сүйеп, қол ұстасып отыру керек. Жүргізуші: - Ертең ауылым көшеді, Уық-буын шешеді. Қара қойым қашады, Құмалағын шашады. Ақ сандық, көк сандық, Арқан тарт, кілем арт! Балалар "арт" сөзін естісе, бұны белгі деп түсініп, қол ұстасқан күйде жылдам тұруы керек. Қайсы қарсыласын арқалап кетсе, сол шарт қояды.	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Оқтау тартыс». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылығын арттыру; шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге (белгі бойынша арқанды мен қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. "Кім жылдам?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Кедергілерді жойып, жан-жаққа жүгіру біліктіліктерін бекіту. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек әрекеті: күркедегі жолды сыпыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Тапсырма орындауда мақсаттылықты, күш-жігер салуға, ептілікке тәрбиелеу. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау. «Кім жаңғақты қағып алады?» қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыруға үйрету; шапшаңдыққа, дәлдікке, жігерлікке баулу.	қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек. Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам. Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының қимылды ойыны. «Түйілген орамал» (дене тәрбиесі, қазақ тілі) Мақсат-міндеттері. Қазақ халық қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту; ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, икемділік, ептілік) дамыту; қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. «Лабиринт жолынан тайма» ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Бір сапта бір-бірден, арақашықты сақтап "жыланша" жүгіру техникасын жетілдіру; дене қимылдарын үлестіре білуді, зерек болуды дамыту. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: ойыншықтарды жинау. (еңбек дағдылары, қоршаған әлеммен таныстыру) Балаларда ойыншықтарды жинау және тәртіп орнату туралы түсінік қалыптастыру;
--	--	---	--	--

	жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Ал, кәнеки, балалар, Бір, екі, үш - деп, санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек. Екі, үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "бір, екі, үш" - деп санағанша, балалар жылдам шеңбер құрып тұрады. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Оқтау тартыс». (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылығын арттыру; шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге (белгі бойынша арқанды мен қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. "Сызықты баспа" қимылды жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжып, алдыға секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге	үйрету. «Бермеймін» қимылды ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттер. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Қимылдар қасиеттерін: шыдамдылықты, күшті дамыту. Ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. Шеңбер жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі бойынша өзіне тартып қалады. «Ордан секіріп өт» ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру техникасын жетілдіру; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Өз бетімен ойындар. (қоршаған әлеммен таныстыру, дене тәрбиесі) Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге баулу. Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды	Қарсыласы айтылған үй жануарының (құсының) дыбыстағанын келтіреді. «Лабиринт жолынан тайма» ойын-жаттығуы. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Бір сапта бір-бірден, арақашықты сақтап "жыланша" жүгіру техникасын жетілдіру; дене қимылдарын үлестіре білуді, зерек болуды дамыту. «Өнегелі тәрбие», «Қауіпсіздік». Еңбек әрекеті: күркедегі жолды сыпыру. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Тапсырма орындауда мақсаттылықты, күш-жігер салуға, ептілікке тәрбиелеу. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу. Еңбек құралдарын қауіпсіз қолдануды қадағалау. Өз бетімен ойналатын ойындар. «Секіргішпен ойна». Ұялшақ және сенімсіз балаларды өзгелермен бірлесіп ойнауға ыңғайлы жағдай жасау.	Өз бетімен ойындар: әткеншек тебу. Мақсат-міндеттері. Бірігіп жұмыс істеу үшін балалардың шағын топтарға бірігуін қолдау; біріккен қызметтегі тәртіп ережелері мен нормаларын орындауды үйрету.	ойыншықтар – адамдардың еңбегімен жасалғаны туралы түсінік беру, оған ұқыпты қарауға, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауға, ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу. Өз бетімен ойындар: ересек балалармен бірлескен ойындар Жүргізуші рөлін өзіне алуды қалыптастыру; белсенділікті, дербестікті тәрбиелеу. Балалардың бастамашылдығын ынталандыру. Ойынға жауапкершілікпен қарауға, тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу.
--	--	--	---	--	--

	үйренеді. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу.	пайдалануға ынталандыру			
Серуеннен оралу	Гигиеналық дағдылар (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге қызығушылыққа баулу. Даладан келген бала, Айнаға жылдам қара: Таза ма бетің, қолың, Тараулы ма шашың, Салынған ба түймең, Жинақы ма келбетің. (Д.Ахметова) «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру.				
Түскі ас	Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемей. «Үнемділік». «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Берілген асты құрметтеп, тауысып жеудің маңызды екенін түсіндіру. Астан соң беті-қолды жуу, тамақты шаю. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, сауықтыру-шынықтыру шаралары.) Біз ақылды баламыз, Айтқан тілді аламыз. Тамақ ішер алдында Тып-тыныш отырамыз!				
Күндізгі ұйқы	«Құмырсқа қанағаты» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. "Алтын сақа" ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Аудио тыңдайды. Ж.Байырбекованың «Әлди, әлди» әні (музыка)	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары. «Қайдан келдің бауырсақ?» ертегісін оқып беру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру	Сауықтыру-шынықтыру шаралары. (дене тәрбиесі, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Жалпақтабандылықтың алдын-алу үшін "денсаулық" жолдармен жалаң аяқ жүру, денсаулықты нығайту. Тыныс алу жолдарын шынықтыру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз				

шаралары	бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. «Өнегелі тәрбие». Еңбек әрекеті: "Төсектерді төсеуде (жинауға) күтушіге көмек көрсету". Мақсат-міндеттері. Балаларды өз төсек-орындарын ажыратуға үйрету; шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау, ересектерге қол жетімді көмек көрсетуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	Вариатив. Құрастыру "Жолдағы серігің". Мақсат-міндеттері. Балаларға құрамында: цилиндр, тақтайша, призма, кірпіш, текше бар құрылыс материалдарының жинағынан жеңіл көлікті құрастыруды үйрету; көліктің бөліктерін атау; көлік және оның түрлері туралы, көлікті қандай мақсатта қолдану керектігі туралы түсініктерін дамыту. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Ұлттық ойын. "Аударыспақ" (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік). Қауіпсіздікті қадағалау. «Жүргізуші» сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыру. Балаларға ойында бір-бірімен қарым-қатынас орнатуды үйрету.	Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, санамақтарды жатқа айтуға баулу. Санамақ. Мақсат-міндеттері. Көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Бір дегенім - білім Екі дегенім - елім. Үш дегенім - үміт, Төрт дегенім - түлік. Бес дегенім - берік, Алты дегенім - арық. Жеті дегенім - желім, Сегіз дегенім - сенім, Тоғыз дегенім - той, Он дегенім -ой, Онға дейін санап қой! «Қаржылық сауаттылық». «Мамандық» дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері.	«Қаржылық сауаттылық». «Ақша жинақтайтын сандықша» дидактикалық ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, математика негіздері) Мақсат-міндеттері: балалардың ақша туралы түсініктерін кеңейту. Материалдар: ақша жинайтын сандықша, монеталар. Барысы: балаларға монеталар мен жинақ сандықша ұсынылады. Тәрбиеші балаларға жұмбақтар жасырады, дұрыс жауап берген балаға монета беріледі, оны жинақ сандықшаға салады. Жұмбақтардың шешуін тауыр болғаннан кейін балалар жинақ сандықшадағы монеталарды санайды. "Автобус" қимылды ойын. (дене тәрбиесі) Балалар қатарға бір-бірден тұрады. Тәрбиеші автобус жүргізушісінің ролінде болады. Қалған балалар жолаушылар болады. Тәрбиеші дыбыс берген кезде автобус жылжи бастайды. Ең әуелі, баяу қозғалады. Содан кейін жылдам және одан да жылдамырақ жүреді. Балалар жүрісті баяулатады. Жүргізуші автобусты тоқтатады. Ойын тағы жалғасады. «Жанармай бекеті» сюжетті-	«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Ұлттық ойыны. "Теңге ілу" (дене тәрбиесі) Ойынға қатысушылар тепе-тең екі топқа бөлінеді. Әр қайсысы жеке- жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезгі басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20- 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он- оннан теңге салынады. Содан соң екі топтан екі сайыскер шығады. Сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып, шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, теңгені іліп алып, әрі қарай шауып кете барады, шұңқыр тұсында бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған теңгелерінің санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңеді. «Ғажайып дорба» үстел үсті ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларды затты сипаттауға, әңгімелер құрастыруға үйрету. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білуді жетілдіру. Сөйлеуде	Вариатив. Математика негіздері "Аю циркте қандай өнер көрсетеді?" Мақсат-міндеттері. Балалармен 1-5-ке дейінгі сандарды қайталау; цилиндр және оның қасиеттерімен таныстыру; қоршаған ортадан цилиндр пішінді заттарды көре білуді үйрету. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы». Қимылды ойын. «Оқтау тартыс». Қазақ халқының ұлттық ойыны. (дене тәрбиесі) Мақсат-міндеттері. Балалардың қазақ ұлттық қимылды ойындарға қызығушылығын арттыру; шағын топтарға бірігіп, келесідей әрекет етуге (белгі бойынша арқанды мен қарама-қарсы топ балаларын өзіне тарту) үйрету; физикалық қасиеттерді (күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. Өздігінен ойналатын ойындар. Балаларды спорттық құралдармен, атрибуттармен ойнауды қолдау; құрдастармен ойындарда өзара көмек беруге, жанашырлық танытуға, әділ болуға, бірге, келісіп ойнауға, ойыншықтарымен бөлісуге баулу. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) «Пойыз» сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру,

	Ойын материалы. Әртүрлі көліктер, құрылыс материалы, рульдер, бағдаршам, реттеушінің қалпағы. Ойын рөлдері. Жүргізуші, механик, жанармай құюшы. Ойынды кейіннен өткізген кезде тәрбиеші балаларға жүргізуші қуыршақтың әңгімесін тындауды ұсынуы мүмкін: «Автопаркте (гаражда) көптеген жүргізушілер жұмыс істейді. Олардың барлығы бір-бірімен дос. Олардың бір жақсы ережесі бар, олар достарын қиындыққа қалдырмайды. Олар бір-біріне көмектесіп жүреді. Таныс немесе бейтаныс кез келген жүргізушіге көмек беруге дайын тұрады.	Балалардың ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты қалыптастыру; әртүрлі мамандықтарға және олардың адам өміріндегі маңызын білуге қызығушылығын ояту. Балаларды еңбектің нәтижелері мен адамның мамандығы арасында байланыс орнатуға үйрету. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Материал: әртүрлі мамандықтар және мамандық иелері қолданатын құралдар мен заттар бейнеленген карточкалар. Барысы. Бала мамандықты, сол мамандық иесі қолданатын заттармен және құралдармен сәйкестендіреді. Карточкаларды сәйкестендіре отырып, бала осы мамандықтың маңыздылығы туралы немесе осы мамандық бойынша жұмыс істейтін ата аналары туралы айтады. Еңбектің құны бар болғаны туралы атып беру.	рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалардың жанармай бекеті жайындағы түсініктерін нақтылылау; жанармай құюшы, есепші, дүкенде құрал-жабдықтарды сататын сатушы туралы білімдерін кеңейту және тиянақтау; сыпайылыққа, жауапкершілікке, төзімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Құрал-жабдықтар. «Жанармай бекеті» жазуы; жанармай құятын жасанды орын, автомобиль бағанасы мен ойыншық шланг; рульдер, көліктердің жанармай бақтары білдіретін ойыншық пішіндер; автомобильдерге арналған дөңгелектер. Автобак орнына шырыннан босаған тетрапакетті жіпке байлап, иыққа іліп алуға болады.	күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға үйрету. Логиканы, тері түйсіктерін (тактильді), байланыстырып сөйлеуді дамыту. «Ұшақ» сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың заттың рөлін қабылдау қабілетін дамыту. Ойын материалы. Жұмсақ ойыншықтар, қуыршақтар, жүк көлігі. Ойынға дайындық. Ұшақ бейнеленген суреттер мен иллюстрацияларды қарау. Әуежайға, дүкенге саяхат. Ұшақтар туралы тақпақтар мен әңгімелер оқу. Ойын рөлдері. Ұшақ, сатып алушылар, сатушы.	тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға ойын жоспарын жүзеге асыруды үйрету. Ойын материалы. Құрылыс материалы, қуыршақтар, ойыншық жануарлар, заттар, алмастырғыштар. Ойынға дайындық. Көлікте серуендеу, автопаркке, портқа, әуежайға, вокзалға экскурсия. Көлік туралы өлеңдер мен әңгімелер оқу. Құрылыс материалынан жүк көлігін, ұшақ, пароход, пойыз, қайық, автобус құрастыру. Ойын рөлдері. Жүргізуші, жолаушы. Ойын барысы. Тәрбиеші ойын әрекеттерінің бағытына байланысты ойынның әртүрлі нұсқаларын қолдана алады. 1-нұсқа. Тәрбиешінің ойын әрекеттері балаларға бағытталған.
Балалармен жеке жұмыс	Жыл мезгілі туралы әңгіме. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Мақсат-	Дидактикалық ойын. "Затты сипаттамасынан таны". (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері.	Дидактикалық ойын. «Көлеңкесінен таны». (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. Суреттегі көлік түрлерін көлеңкесінен	Дидактикалық ойын. "Қазынасы бар сандық". (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қиял, талдау	Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың

	міндеттері. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыруға баулу. Сұрақтарға толық жауап беруді үйрету.	Заттарды өз бетінше қарап, сипаттауға, әңгімелер құрастыруға баулу. Зейінін, ойлау қабілетін, жылдамдығын дамытады.	танып, сызық арқылы қосуды ұсынады. Қауіпсіздік. "Кездейсоқ жағдайларда мен не істеймін?" жаттығуы (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсат-міндеттері. кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету; бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау ережелерін бекіту. Диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.	дағдыларын дамыту. Ойын материалы және көрнекі құралдар: қорап (сөмке); қорапқа (сөмкеге) салынған жеуге болатын кез келген (жеуге болмайтын) зат. Сипаттама: ішіндегі затты қолмен сипап сезу арқылы табу.	өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді есте сақтауға баулу. Оразақын Асқар «Машина» Машина істе – серігің, Жолға шықсаң – көлігің. Айта қойшы, сен, інім, Шығаратын оны кім? Тас қорытып домнада Металл құйса құрышшы, Машинаны заводта Жасар іскер жұмысшы.
Серуенге дайындық	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, қоршаған әлеммен таныстыру) «Экологиялық тәрбие». Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну туралы анықтау. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, киімдерді жинауды, ілуді жетілдіру; барлық түймелерін түймелеуді, ілмекті салуды, бір-біріне көмектесуді үйрету; өз киімдерін тануды, атауды, күтуді бекіту. «Қауіпсіздік». Қауіпсіздік жайында ескертулер: Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын меңгеру (электр құралдарынан сақ болу, сіріңкемен ойнамау, терезенің алдына шықпау, баспалдаққа көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау); қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білу (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау).				
Серуен	Шалшық суды (мұзды) бақылау. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (күннің суықтығынан жердегі қар мұзға айналды), қар, су, мұз қасиеттерін анықтау. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы	«Қауіпсіздік». Қыстайтын құстарын бақылау. Көгершін (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстардың қоректендірудің қажеттігі анықтау. Қыстайтын құстардың түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.	«Қауіпсіздік», «Өнегелі тәрбие». Арнайы көлікті бақылау. Өрт сөндіру көлігі. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Жүргізуші мамандығы туралы жалпы білімдерін қалыптастыру. Арнайы көлік құралдарының түрлерін ажырата білу	«Қауіпсіздік». Қыстайтын құстарын бақылау. Сауысқан (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстардың қоректендірудің қажеттігі анықтау. Қыстайтын құстардың түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. "Сауысқан" Ала қанат сауысқан, Қырда ұшқан, Тауда ұшқан.	«Қауіпсіздік». Ағаш пен бұталарды бақылау (ағаштар: қайың, шырша, алма ағашы; бұталар: жұпаргүл, шие). (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жіктелуі туралы түсініктерді кеңейту: бұталар және ағаштар (бақша, орман). Өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, олардың өсуі үшін жарықтың, жылудың қажеттілігін анықтау. Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі

